

Мектеп Президентіне үміткерлердің өз бағдарламаларын ұсынуы

I КЕЗЕҢ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН

Мектебімізде I кезең оқушыларына дүйсенбі күні дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын мектепішілік жиын өтті. Мектепішілік жиын аясында оқушыларға мектептің ішкі тәртібі, көшедегі қауіпсіздік ережесі, бірыңғай мектеп формасына қойылатын талаптар жайлы түсіндірілді.

Жиын барысында 22 қыркүйек күні мектебімізде болатын Парламент өзін-өзі басқару ұйымы Президентіне үміткер оқушылар

- ✓ Мирон Нұрдәулет
- ✓ Әділбекұлы Бақыт
- ✓ Құралова Гүлжайнар
- ✓ Жанбалаева Айым
- ✓ Еркінова Сымбат өз бағдарламаларын ұсынды.





I КЕЗЕҢ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖИЫН

Мектебімізде II кезең оқушыларына дүйсенбі күні дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын мектепішілік жиын өтті. Мектепішілік жиын аясында оқушыларға мектептің ішкі тәртібі, көшедегі қауіпсіздік ережесі, бірыңғай мектеп формасына қойылатын талаптар жайлы түсіндірілді.

Жиын барысында 22 қыркүйек күні мектебімізде болатын Парламент өзін-өзі басқару ұйымы Президентіне үміткер оқушылар

✓ Мирон Нұрдәулет

✓ Әділбекұлы Бақыт

✓ Құралова Гүлжайнар

✓ Жанбалаева Айым

✓ Еркінова Сымбат өз бағдарламаларын ұсынды.





Мектеп Президентіне үміткерлердің бағдарламалары мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды.

22.09.2022 жылы мектебімізде “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымының Президенті сайлауы өтеді.

✓Сайлауға қатысып өз тандауыңды жаса!

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер

«А» класс оқушысы

ҚУРАТОВА ГҮЛЖА

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер

«А» класс оқушысы

ЕРКІНОВА СЫМ

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер

«А» класс оқушысы

ЖАНБАЈЕВА

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер

«А» класс оқушысы

МИРОН-НҮРДӘУ

«Парламент» өзін-өзі басқару ұйымының Президентіне үміткер

«А» класс оқушысы

ӘДІЛБЕКУЛЫ-БА

«Парламент»
Өзін-өзі басқару ұйымының
Президенті сайлауы

Мектеп Президентін сайлау күні

22.09.2022 жылы мектепшілік “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президентін сайлау рәсімі ұйымдастырылды.

Сайлауға түскен үміткерлер:

- ✓ Мирон Нұрдәулет 11”Ә” класс оқушысы
- ✓ Әділбекұлы Бақыт 11”А” класс оқушысы
- ✓ Құралова Гүлжайнар 11”Ә”класс оқушысы
- ✓ Жанбалаева Айым 11”А” класс оқушысы
- ✓ Есенова Сымбат 10”А” класс оқушысы.





№30 мектеп бойынша өзін-өзі басқару ұйымы «Президентіне» үміткерлер
сайлауы

Хаттама

Қатысқан барлық сайлаушылар: 771

Барлық берілген дауыстар саны: 621


Жарамсыз дауыс саны: 15

1. Мирон Нұрдәулет: 95
2. Әділбекұлы Бақыт : 251
3. Жанбалаева Айым: 83
4. Еркінова Сымбат: 102
5. Құралова Гүлжайнар: 90

Комиссия төрағасы:

Комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:



М.Мукатова

А.Жұбатқанова

А.Құрманбай

А.Жолмырзин

А.Жаңабай

Ж.Амирова

22.09.2022 жыл

Мектеп Президенті сайлауының қорытындысы

Мектепшілік “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымы
Президентінің сайлауы нәтижесі:

Миронов Нұрдәулет - 95 дауыс

Әділбекұлы Бақыт - 251 дауыс


Жанбалаева Айым - 83 дауыс

Еркінова Сымбат - 102 дауыс

Құралова Гүлжайнар - 90 дауыс

✓ Сайлау қорытындысы бойынша 251 дауыс жинаған 11”А”
класс оқушысы **ӘДІЛБЕКҰЛЫ БАҚЫТ** “Парламент” өзін - өзі
басқару ұйымының Президенті болып тағайындалады.





"Таза қалам- Ақтөбем" жалпы қалалық сенбілікке қатысу

Мектебімізде @30_орта_мектеп "Таза қалам- Ақтөбем" жалпы қалалық сенбілік аясында мектебіміздің "Жан жылуы" жастар еріктілер командасы, "Парламент"өзін- өзі басқару ұйымының мүшелері, "Жас ұлан" ұйымының мүшелері #37 орта мектебінің @37om11mkr челленджін қабылдап, "Біз таза қаламыз үшін!" ұранымен сенбілік жұмыстарын жүргізді.





“Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президенті және бөлім басшыларын ұлықтау рәсімі

27.09.2022 жылы мектепішілік “Парламент” өзін - өзі басқару ұйымының Президенті және бөлім басшыларын ұлықтау рәсімі ұйымдастырылды.

Рәсім барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы кіргізіліп, Гимні орындалды. Өзін-өзі басқару ұйымының Президенті Әділбекұлы Бақыт сайлау алды ұсынған бағдарламасы бойынша жүйелі жұмыстарды жүзеге асыратыны айтып, салтанатты түрде ант берді.

Мектепішілік жиын





Ұстаздар күнімен құттықтау

Құрметті сүйікті ұстаздарымыз!

Бүкіл өмірін өз жұмысына арнаған керемет жандар бізге тек білім ғана емес, сонымен бірге олардың сүйіспеншілігін де сыйлады. Сіздердің жұмыстарыңыз тек жұмыс емес-бұл нағыз кәсіп, оған тек ашық жүрекпен және жанның барлық мейірімділігімен қарау керек. Сіздерге жылулық, даналық, адалдық және үлкен шыдамдылық үшін рахмет. Ұстаздар күні құтты болсын!

Игі тілектен, “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымы



“Атам мен әжеме жыр арнаймын!” атты мерекелік шара

1 қазан - Қарттар күні құтты болсын!

Қарт дегеніміз - ағып жатқан дария, теңіз іспеттес. Теңіздің тұнығы мен тереңдігі қандай болса, қарияларымыздың да білетіні сондай терең. Қариялар халқымыздың өткені мен бүгіні, тұнып жатқан тарихымыз «Қарттары бар елдің қазынасы бар» деген аталы сөз осыдан қалса керекті. Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету атабабадан келе жатқан салтымыз. Қарттарымыз бағасыз байлық, төрімізде отыруының өзі бір бақыт..

Осы орайда, 1 қазан - Халықаралық қарттар мерекесі қарсаңында 2022 жылдың 30 қыркүйегінде мектебімізде өнерпаз оқушылардың қатысуымен “Атам мен әжеме жыр арнаймын!” атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Шара соңында ата-әжелеріміз баталарын беріп, ризашылықтарын білдірді.





«Дублер» күні

Мектебімізде 3-қазан күні "Дублер" күні өткізілді. Ұстаздар мерекесіне орай өткізілген өзін-өзі басқару күнінде дублер оқушылар мектептің оқу-тәрбие процесін толықтай өз жауапкершіліктеріне алып, үлкен шеберлікпен атқара білді. Ұстаздық қызметтің қыр-сырын түсініп, бір күндік жұмысының қиыны мен қызығына қанықты .





Мемлекеттік гимн “Дублер” күнінде

Әр дүйсенбі



КҮЗ ХАНЗАДАСЫ МЕН КҮЗ ХАНШАЙЫМЫ

Мектепшілік “Алтын күз” мерекесіне орай 9-11 класс оқушылары арасында “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2022” кеші ұйымдастырылды.

🍃🍃🍃 Сайысқа қатысушылар

🍁 Таныстыру

🍁 Күзгі сән үлгісі

🍁 Күзгі вальс

🍁 Білім сайысы бойынша бақтарын сынады.

✦✦✦✦ Сайыс қорытындысы бойынша 11 “Ә” класс оқушылары Сырым Ақжол мен Ерболат Жанель “Күз ханзадасы мен ханшайымы-2022” жеңімпазы атанды.



"Менің елім" Мемлекеттік Гимн орындау шарасы

25-қазан Республика күнін мерекелеу іс-шаралар жоспарына сәйкес "Менің елім" Мемлекеттік Гимн орындау шарасы ұйымдастырылды. Мемлекеттік Гимн орындауға мектебіміздің барлық білім алушылары, ұстаздары, кіші қызметкерлері белсене қатысты



МЕКТЕПШІЛІК ЖИЫН

Балалар жылына орай мектебімізде ұйымдастырылып жатырған іс-шараларға белсене қатысып, мектептің өзін - өзі басқару ұйымының жұмыстарын жауапкершілікпен атқарып жүрген білім алушылар мектепшілік жиындарда марапатталды .



Педагогикалық кеңес Өзін-өзі басқару күні

Өзін-өзі басқару күнінің қорытындысы жасалды. Дублер білім алушылар ұстаздық мамандықтың қиындықтары мен қызықтарына толы екендігін айтып, өз ойларын ортаға салды.





МЕКТЕПШІЛІК ЖИЫН

Бүгін мектебімізде I кезең оқушыларына дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын мектепшілік жиын өтті. Мектепшілік жиын аясында оқушыларға мектептің ішкі тәртібі, құқықбұзушылықтың алдын алу, зиянды заттардың алдын алу ережелері түсіндірілді.

Сонымен қатар, білім, спорт салалары бойынша жүлделі орын иеленген оқушыларымыз марапатталды.

Жиын соңында I тоқсан қорытындысы бойынша кластардың тәрбие бөлімі ұйымдастырған іс-шараларға қатысым мониторингі жасалды. Ең көп ұпай жинаған 10"А" класс оқушылары "ҮЗДІК КЛАСС" ауыспалы кубогін иеленді.









“Зиянды заттардың алдын алу” тақырыбында дөңгелек үстел

11.11.2022 жылы салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында “Парламент” өзін-өзі басқару ұйымының мүшелеріне “Зиянды заттардың алдын алу” тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларды жақсы әдетке, салауатты өмір салтына баулу, зиянды заттардан аулақ болу.

Өзін-өзі басқару ұйымы



Көңілді қоңырау

Үзіліс кезіндегі оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында бүгін “Қорапшадағы ең керемет адам” сергіту сәті ұйымдастырылды.

